



Қадірменді университет ұстаздары!

Мәжірітің білім нәрімен сусындайтын, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухқа бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тілге ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек. Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге оскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің қуағенуі жолындағы абыройлы істеріңізге мол жетістіктер тілеймін! Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін! Сіздерді кәсіби мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!


*Құрметпен және ізгі тілекпен, ректор,
х.ғ.д., профессор Абзал МАЛМЕТОВ*



«АҚЫЛДАРДЫ ТОҒЫСТЫРЫП, БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУ»

КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТТЕРІ
АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ
XX МЕРЕЙЛІ БАС
АССАМБЛЕЯСЫ
11-13 қазан 2017 ж.

Толық ақпарат 16-бетте



Студенттер назарына!

13



Смартфоныңды болашақтың
энергиясымен қуатта!

6



А сможете ли вы
спасти жизнь?


10

Латын әліпбиінің маңыздылығы

Дөңгелек үстел



Қыркүйек айының 14-ші жұлдызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы өліпбиіне көшудің өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.



Қазақ тілін зерттеуші филолог-ғалымдар, тіл пәндерінің оқытушылары, студенттер мен магистранттар қатысқан бұл жиынның мақсаты қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашу, қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылуы мақсатында мемлекеттік тілдің латын графикасындағы өліпбиіне көшуге қатысты тілдік проблемаларды талқылау болып табылады. Дөңгелек үстел барысында университетіміздің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал ТАЛТЕНОВ алғы сөз сөйлеп, жиынға қатысып отырған тіл мамандарына кезек берді. Атырау облысы әкімінің орынбасары

Әлібек НАУТИЕВ, ф.ғ.д, профессор Қадір ЖҮСІП латын графикасы жөнінде бірнеше мәселелерге тоқталып өтті. Тілдік проблемаларды талқылау барысында ф.ғ.к. Жұмазия АБДРАХМАНОВА, Атырау өңірлік «Рухани жаңғырту» жобалық кеңсесінің бас менеджері Орынтай БИМАНОВА, ф.ғ.к. Жомарт МУХАМБЕТОВ және п.ғ.к., аға оқытушы Бибігүл ХАЙЫРЖАНОВА, аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы Жания ИНГАМОВА латын әліпбиіне көшу мәселесі, оның маңыздылығы және де латынға көшу-заман талабы екендігі жөнінде өз көзқарастарын білдіріп, баяндама оқыды.

Баспасөз қызметі



Жемқорлыққа жол жоқ

Өзекті



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен университетте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын талқылау» тақырыбы аясында жиын өтті.

Жиын барысында - модератор, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы -

Т.Жұмағұлов, баяндамашылар - С.Мүксімов, А.Беккожиева, С.Аманшиева және С.Идрисов тақырыпқа қатысты өз баяндамаларын оқып ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кездесу соңы сұрақ-жауап бөлімімен жалғасты.

Конституцияны жатқа білемін!

Байқау



Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 3-ші мәрте «Конституцияны жатқа білемін!» атты Қазақстан Республикасы Конституциясының 22 жылдығына арналған облыстық дәстүрлі конкурсы өтті.

Ережеге сай байқау екі бөлімнен құрылды. Бірінші бөлімде қатысушылар 20 минуттың ішінде Конституция бойынша тест сұрақтарына жауап берсе, екінші бөлімде Конституция баптарын жатқа айту бойынша сынақ тапсырды.

Конкурстық комиссия шешімімен Қ. Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледжінің грантына Ізбасқан Іңкәр Нұрланқызы, Хайрулина Аида Аманқосқызы Каспий өңірінің қазіргі заманғы колледжінің білім грантын иеленді. Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университетін "құқықтану" мамандығының білім грантымен Сембек Мейірбек Сембекұлы марапатталды.

Және де үздік білімдерін көрсеткен бірқатар жеңімпаздар Махамбет атындағы қазақ драма театрының, «Бейбарыс» хоккей командасының бір маусымдық билеттері мен «Мұнайшы» бассейніне бір жылдық тегін абонементтерге ие болды.

Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ,
медиа-қызмет орталығының тілшісі

Желаяқтар көшбасшысы жетпіс жаста

Университетіміздің Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР-ның спорт қайраткері, Нұролла Мамбетовтің 70 жас мерейтойы үлкен дәрежеде аталып өтті.

Шара жаңартылған стадионда жеңіл атлетика бойынша жарыстан бастау алып, ғылыми кеңес залында салтанатты жиынмен жалғасты.

Ректор Абзал ТАЛТЕНОВ алғашқы құттықтау сөз сөйлеп, Нұролла МӘМБЕТҰЛЫНЫҢ өмір жолы мен жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар, осы жылдан бастап берілетін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне сіңірген еңбегі үшін, төсбелгісімен марапаттады. Айта кетсек, Нұролла МАМБЕТОВ бұл төсбелгінің алғашқы иегері.

Атырау қалалық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Ринат ИБРАГИМОВ қала әкімі мен облыстық спорт басқармасының атынан құттықтап, сыйлықтарын сыйлады. Жиынға қатысушыларға өмір жолы, шығармашылығы туралы түсірілген бейнебаян көрсетілгеннен кейін, бірге оқыған сыныптасы «Кезінде Нұроллаға «желаяқ» деп ат қойғанбыз, ақыры желаяқтығы бойтұмары болды» – деп естеліктерімен бөлісіп сөз алды.

Одан соң университет декандары мен кафедра меңгерушілері құттықтап, шәкіртері өз алғыстарымен тілектерін білдіріп, сыйлықтарын табыстады.

Филология ғылымдарының докторы, академик Қадыр ЖҮСІП өз сөзінде: «Нұролланың 70 жасын университеттегі үлкен той деп жатыр, мен айтар едім республика көлеміндегі той деп. Себебі, бұл кісінің шәкірттері бүкіл республика, облыс мекемелерінде еңбек етіп жүр. Нарын құмы деген қасиетті жер, сол қасиетті жерде талай дарындар шыққан соның бірі осы Нұрекең» – деп тебірентті.

Тарих ғылымдарының кандидаты Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ мерейтой иесіне ақжарма тілектерін арнап, Республикалық салалық Білім және Ғылым министрлігі кәсіп одағының төрайымы Майра АМАНТАЕВАНЫҢ «Құрмет грамотасымен», Қарулы күштердің ардагерлері республикалық орталық қауымдық бірлестік президиумының шешімімен сәйкес, «авиация генерал-майоры Талғат БИГЕЛДИНОВТІҢ» төсбелгісімен Бақытжан ЕРТАЕВТЫҢ атынан марапаттады. Кеште күмбірлеген домбырамен ән айтылғаннан соң, мерейтой иегері қорытынды сөз сөйлеп, алғысын білдірді.

Жеңіл атлетика бойынша Құрманғазы ауданы және де облыстағы колледждермен жоғары оқу орындарының студенттері бақ сынады. Жарыстың қорытындысы бойынша:

800 метр қашықтыққа жүгіруден (қыздар)

3-орын ҚАМИТОВА Айгерім (Атырау медицина колледжі)



2-орын КИМ Валерия (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын ЖАЙЫҚОВА Айгүлім (Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі)

800 метр қашықтыққа жүгіруден (ұлдар)

3-орын СИТИМОВ Рүстем («Болашақ» көп салалы колледжі)

2-орын ҚЫРАН Әсет (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын ЖОЛАМАН Дәуір (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

100 метр қашықтыққа жүгіруден (қыздар)

3-орын САЛАМАТОВА Айгүл (Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі)

2-орын КИМ Валерия (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын ҚАДЫРҒАЛИЕВА Гүлфайруз (Құрманғазы ауданы)

100 метр қашықтыққа жүгіруден (ұлдар)

3-орын КЕМЕЛХАН Жасқанат (Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі)

2-орын СИТИМОВ Рүстем («Болашақ» көп салалы колледжі)

1-орын ЕРТУҒАНҰЛЫ Нүртілек (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

400 метр қашықтыққа жүгіруден (қыздар)

3-орын ОРЫНБАЕВА Гулнар (Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі)

2-орын ҚАДЫРҒАЛИЕВА Гүлфайруз (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын ЖЕТКЕНШЕКОВА Айдана (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

400 метр қашықтыққа жүгіруден (ұлдар)

3-орын КЕМЕЛХАН Жасқанат (Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі)



2-орын ҚЫРАН Әсет (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын ЖОЛАМАН Дәуір (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1500 метр қашықтыққа жүгіруден (қыздар)

3-орын ТОЛҚЫНБЕК Есбол (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

2-орын СӘЙДІҚАПАР Жолболды (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

1-орын АЙДЫН Шалқар (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті)

Командалық есепте

3-орын Құрманғазы ауданы

2-орын Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі

1-орын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті иеленді.

Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ,
медиа-қызмет
орталығының тілшісі

Ақжайықтағы 100 жылдық із!

Барша Қазақ елінің рухын көтеретін, тарихи жадын жаңғыртатын – Алаш қозғалысының 100 жылдығы атап өтілуде. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы аясында Алаш үкіметінің маңызы мен ролі, оның басында тұрған ұлт көсемдері жайында университет ғалымдары тарапынан зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Оның айғағы, 22 тамыз күні университет ғалымдары Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы акиматы ұйымдастырған «Ақжайықтағы Алаш іздері» атты ғылыми-танымдық конференцияның пленарлық мәжілісінде тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Ахмет «Ел аумағын түгендеген У.Танашев» және тарих ғылымдарының кандидаты Қ.Сүндетұлы «Жазықсыз жазаланған редактор» тақырыбында баяндама



жасады. Ғалымдар өз баяндамаларында Алаш үкіметінің тарихын мейлінше терең зерттеу, айтылмаған деректерді жарыққа шығару, елге елеусіз қалған тарихи тұлғалардың өмірін, халқына еткен қызметтерін таныту және болашақ ұрпақтың азат елде ғұмыр кешуіне бір табан жақындатқан тарихи тұлғалардың өмірін жастарға насихаттау керек екендігіне жан-жақты тоқталды.

Жаңғыру қадамдары

13 шілде күні университет ғалымдары т.ғ.д., профессор А.Ахмет, п.ғ.к., профессор Ш.Нағымов, филос.ғ.д., профессор Ө.Бекежан Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы аталған мәселелерді іске асыру шеңберінде Индер кентінде «Атыраулық Алаш қайраткерлері» тақырыбында дәрістер оқыды.

Аталған шараға Индер аудандық ішкі саясат басқармасының қызметкерлері мен «Дендер» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымының жастары және аудан жұртшылығы қатынасты. А.Ахмет «Алаш қозғалысы: тарихы, зерттелуі мен зерделенуі», Ш.Нағымов «Батыс Алашорда үкіметінің жұмысына қатынасқан атыраулық мұғалімдер», Ө.Бекежан «Алаш қайраткерлерінің философиялық көзқарастары» тақырыптарында дәрістер оқыды. Дәріс барысында сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер, пікір алмасулар болды.



Ономастикалық атаулар – ұлттық мақтанышымыз

«Біздің қазақ жер аты, сол ортаның тауын сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай да бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады»

М.Әуезов

Қазақ елі өз егемендігін алғаннан бері ғылымның көптеген салаларына жаңалықтар енгізді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, отарлық езгіден оянып, туған жер тарихына деген қан жүгіре бастады. Халқымыздың абзал ұлы Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов өз сөзінде: «көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», - деген. Шындығында, біздің жер-су атауларымыз жай ғана атымен емес, өзіндік тарихымен, терең философиялық мағыналылығымен, ерекше шешілмеген үйпия сырымен ерекшеленеді. 1917-1991 жылдар аралығындағы Кеңестік жүйе тұсында, оған дейінгі патша үкіметінің отаршылдық саясатының әсерінен жер-су атауларымыз келтеленіп, тіліміздің жағдайы күрделене бастады. Еліміздің аумағындағы ономастикаға қатысты мәселелерді бүгінгі күнде үш бағытта жүргізуді қажет етіп отыр:

1) үстемдікпен өзгертілген жер-су атауларын байырғы тарихи атауларымен алмастыру;

2) транскрипциясы бұрмаланған немесе қате жазылған елді-мекен атауларын қайта қалпына келтіру;

3) атаулары отаршылдық-тоталитарлық сипаттағы елді-мекендерді білім және мәдениет ұйымдарын қайта атау.

Кеңестік дәуірде көптеген жер-су атауларымыз бен кісі есімдерінің бастапқы аталуының мүлдем түсініксіз атауға айналғанша бұрмаланып кетуге жол берілді. Осының салдарынан Қазақстан карталарында әлі күнге дейін түсініксіз атаулар жиі кездеседі. Өзіміздің ұлттық атауларымызды жаңғырту мақсатында күні бүгінге дейін зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Осындай мақсатпен Атырау облыстық

тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Атаулар тарихы» атты ғылыми-зерттеу экспедиция ұйымдастырылды. Тамыз айының 15-19 аралығында облысымыздың үлкен аумағын алып жатырған ҚҰРМАНҒАЗЫ ауданына сапар шегіп қайтты. Түпкі мақсат – өңірдегі байырғы атауларымызды қайта жаңғырту, олардың шығу этимологиясын тілдік тұрғыдан зерттеу, ғылыми-фактологиялық талдау жасау. Экспедиция құрамында жаратылыстану ғылымдарының академигі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, өлкентанушы Өтепберген Әлімгерейұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жұмазия Мәжитқызы Абдрахманова, сондай-ақ облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ономастикалық комитет жөніндегі басшысы Дияшева Жеміс Сәдуқызы болды. Ғылыми экспедиция Еңбекші ауылдық округінен басталып, Сүйіндік елді-мекенінен аяқталды. Жалпы саны 19 ауылдық округ бойынша, мынадай нәтижеге қол жеткіздік:

350-ге жуық топонимдердің тарихы анықталды. Бұлардың басым бөлігі адам атауларымен байланысты. Құрманғазы ауданында құстың 50-ге жуық, жануарлардың 40-тан астам, балықтардың 30-ға жуық түрі тіршілік етеді. Өңірдің топонимикалық-антропонимикалық атауларын біріздендіру кезінде ауыл ақсақалдарының еңбегі елеулі. Өйткені, осы тарихи құндылығымызды ұмытпай, жадында сақтап, келер ұрпаққа табыстауда қарттарымыздың орны орасан.

Ономастика – ғылыми сала... Оны зерттеу асқан білімділік өз алдына, қажырлы еңбекті, ізденімпаздық пен ұшқыр ойды талап етеді. Ономастиканың оным атты саласы-әр түрлі топтарға жіктеледі. Жіктеп



айтсақ, гидроним-су, көл, өзен атаулары; этноним-халықтық атаулар; топоним-жалпы жер атауы; антропоним – кісі есімдері; ойконим – құм, төбе, атаулары; космоним-ғарыштық атаулар; зооним-жануар, құс т.б. Осындай топтарға бөле отырып, өңірде басым бөлігі антропонимдер мен гидронимдер екеніне көз жеткіздік. Біздің аумағымыздағы атаулар 4 түрлі тілдік қабатқа жіктеледі: жалпытүркілік, араб-парсы, моңғол-қалмақ және славян (орыс) тілдік қабаттары. Құрманғазы ауданының 32%-ын орыс атаулары құрайды екен. Мәселен, Сухой (шабындық), Мальцев, Катпаван, Афанасьев, Дружба, Советский, Затон, Батажный, Сафон, Дружба, Шарон(Шора). Моңғол-қалмақ тілдік қабатына жататын атаулар да аз емес болып көрінді. Көпшілікке бұл өңірде моңғол атаулары қайдан келген деген заңды сауал туатыны анық. 1729(30) жылы Аңырақай шайқасында жеңіліс тапқан жоңғарлардың бірсыпырасы республика аумағының кейбір аудандарына шашырап кетті. Олар сонау Алтайдан бастап, Еділге дейінгі атырапты мекен етті, тоз-тоз болып өмір сүрді. Қазіргі Ресейдің Қалмыкия ауданына қалмақтар біздің жеріміз арқылы өткен. Бұны бірі білсе, екіншісі білмесі анық. Дәлелі ретінде, Қопалақ, Дәшін, Қаптағай секілді атаулар соның айғағы.

Экспедиция мүшелерін таңтамаша еткен шұрайлы өңірдің флорасы мен фауна әлемі. Ауданда

өсімдіктердің құмаршық, жүзгін, майқаңбақ, тұңғиық, бүлдірген, сүтемген, сағызсабақ сияқты түрлері, ал жануарлар әлемінен қорқау, киік, жәннат, борсық, батпан, шибөрі, күзен, шіл, қырғауыл, әуілдек, дегелек, ләйлік, аққұтандар мен көкқұтандары тамсантты.

Экспедициядан түйгенім, атау-сыз сөз жоқ, сөз жоқ жерде атау да жоқ. Жер-су, мекен-жай атаулары сияқты көше, мектеп атаулары да ұлттық мәдениеттің бір саласы. Олай болса, осы мәселеге ел-жұрт болып атсалысу керек. Әлеуметтік пікірмен есептесе отырып, ең алдымен жергілікті халық мүддесі ескерілуі тиіс. Ол парасаттылықпен, жергілікті ұлт өкілдерінің келісуімен істелетін жауапты шаруа. Оларды сақтап, тілдік тұрғыдан сөз ету бүгінгі ел азаматтарының басты міндеті.

Менде осы тақырыпта мектеп қабырғасында оқып жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысын қорғаған болатымын. Облыстық кезеңнен 1-орынды иеленіп, республикалық ғылыми жобалар сайысынан 2-орынды қанжығама байладым. Университетте оқып жүріп, әлі де осы тақырып бойынша айналысудамын. Жетекшім Жұмазия Мәжитқызы мені ізденіске баулып, осы тақырыпты зерттеуге көбірек атсалысып жүр. Ең бастысы – үлкен еңбек, біраз тер төгу қажет.

Заманбек ШАКИРОВ,
филология мамандығының
2-курс студенті

Алаш жолымен...

31 шілде-4 тамыз аралығында тарих ғылымдарының докторы, профессор Аққали Ахмет және тарих ғылымдарының кандидаты Қылышбай Сүндетулы «Ақжол» демократиялық партиясы Атырау филиалының ұйымдастыруымен өткізіліп, Елбасының стратегиялық мақаласында көтерілген рухани жаңғыру бағытын басшылыққа ала отырып «Алаш жолымен» атты ғылыми экспедиция жұмысына қатысты.

Ғылыми экспедиция құрамында «Ақжол» партиясының саяси кеңесшісі, саясаттанушы Әбілхан Төлеуішов, «Қызылқоға» аудандық газетінің бас редакторы Бауыржан Сисенов болды. Экспедиция Қызылқоға ауданындағы Халел ставкасында, аудандық тарихи-өлкетану музейінде болды. Ақтөбе облысының Ойыл ауданында, Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Сырым аудандарында және Орал қаласында жұртшылықпен

кездесіп, дөңгелек үстелдерге қатынасты. Батыс Алашорда тарихына қатысты тарихи орындар мен ғимараттарда болды. Ойыл ауданында Алаш юнкерлер мектебі, байланыс бөлімшесі, мешіт, атақты Көкжар базары ғимараттарының тарихымен тереңірек танысты. Қаратөбедегі Батыс Алашорда съезі өткен ғимаратқа арнап қойылған белгі басында болып, аудандық-өлке тарихы музей ұжымымен кез-



десу өткізді. Жымпиты ауылында ескерткішке гүл шоқтарын қойып, Алаш қайраткерлеріне арналған тағзым етті.

Ақпаратты дайындаған: медиа-қызмет орталығы

Бәрекелді!

Смартфоныңды болашақтың энергиясымен қуатта!



Мысалға, өткен жылы «Nike» компаниясы көпшілікке танымал «Болашаққа шегініс» фильміндегі өздігінен бауы байланатын кроссовкаларды қолданысқа шығарды. Қарыштап дамушы технологиялар саласы тағы немен таңғалдыра алатындығы сіздерге де қызықты ма?

Сіздер байқағандарыңыздай университет аумағында жаңа күрке (беседка) пайда болды. Сіздер жай ғана әңгімелесіп уақыт өткізіп қоймай,

сонымен бірге өз гаджеттеріңізді оның айналмалы шатыры арқасында қуаттай аласыздар. Ол күні бойы күннің көзін қадағалай отырып энергияны өз бойына жинақтап және оны тәуліктің түнгі уақыттарында да пайдалануға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған. Аталған күрке – Атырау мемлекеттік университеті мен «TEKSAN Kazakhstan Invest» компаниясының баламалы энергетика саласындағы бірлескен ғылыми жобасы. «TEKSAN» –

Естеріңізде ме, балалық шағымызда біздер болашақ туралы фильмдер көріп, ондағы ғажайып гаджеттерге таң қалушы едік. Ал қазір, бірнеше ондаған жылдардан кейін сол идеялар шынайы өмірде іске асып жатқандығына куә болып отырмыз.

Made in kz өнімдерін өндіретін серпінді түрде дамушы ұйым. Компанияның жоғары сапалы өнімдерін тек отандық нарықтан ғана емес шет елдерден де көруге болады. Дәстүрлі ТМД нарығынан бөлек Made in kz өнімдері Біріккен Араб Әмірлігі, Орталық Араб Республикасы және Панама сияқты елдерге ұсынылған. Бүгінде Teksan сауда маркасындағы өнімдер жарық диодтық жарықтандыруға жататын көше, өндірістік және офистік жарықтандыру шамдарын қосқанда жарықтандыру жабдықтарының барлық түрлерін қамтиды.

«Жасыл» технологиялар саласындағы жобаны жүзеге асыру мақсатында 2016 жылдың мамыр айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректор – стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Шилібекова Әйгерім Сенбекқызының жетекшілігімен жұмыс тобы құрылған болатын. Топ құрамына Түркияның ғалымдары, «TEKSAN» компаниясының инженерлері және Атырау мемлекеттік университетінің зерттеушілері енгізілді. Топ тек біздің университет студенттерін ғана таң қалдырып қоймайтын бірегей ғажап туындыны жасап шығарды. Бүгінде университетінің

аумағына орнатылған айналмалы шарлы күрке Қазақстандағы бірегей инновациялық жоба. Ол электр энергияларын берудегі кідірістерге еш тәуелсіз кешкі және түнгі уақыттарда электрді қоғамдық пайдалану аймағы болуда. Күн қуатымен күркені қолдану электр энергияларын берудің қолданыстағы жүйесіне жүктемені төмендетуге, сонымен қатар, жүктемеге байланысты электр беру желілеріндегі шығындарды азайтуға мүмкіндік берді. «Болашақтың энергиясы» ЕХРО-2017 аясында жүзеге асқан жобалар бүтіндей еліміздің және өңіріміздің экономикасын қолдауға мүмкіндік береді.

Сіз күрке маңына шоғырланған студенттер мен оқытушылар тобын байқауыңыз мүмкін, себебі ол енді – гаджеттер үшін қуаттау станциясы. Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын біз түймешікті телефондарды қолданып жүргенде оларды осындай орындардан қуаттаймыз деп ойладық па? Бірақ «TEKSAN» компаниясының инженерлерінің күш салуының арқасында бүгін бұны көріп отырмыз, қызықтысы олар енді бізді тағы немен таң қалдыра алады екен...

Сағынбек АРОНОВ,
медиа-қызмет орталығының
баспасөз хатшысы

Атырау жастарының табысы үшін

«Заңғар» инновациялық білім беру жобасы аясында 16–22 жас аралығындағы жастарға арналған STEM (ағыл. – ғылым, технологиялар, инженерия және математика) жазғы мектебі ұйымдастырылды.



Халықаралық жастар қорының жергілікті серіктесі «Bolashak Engineering» компаниясының тренерлері жастарды оқытуда.

Атыраудың әртүрлі оқу орнынан келген 50-ден аса жастары қазіргі таңда өзекті STEM-оқытудың негізін қалайтын робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау мен инженерия бойынша интерактивті бағдарламаға қатысуда. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткізіліп жатқан осы курс соңында қатысушылар сертификаттар алып, өз қорытынды жобаларын Fab Lab Атырау цифрлық өндіріс

зертханасында жасауға мүмкіндік алады.

«Осындай курсқа мен бірінші рет қатысып жатырмын, сабақтары тиімді және қызықты өтуде. Әр келгенде жаңа ақпараттармен танысудамын. Стандартты емес интерактивті оқыту біздің ғылым, инженерия мен технологиялар салаларына деген қызығушылығымызды арттыра түсті», – дейді қатысушы Айдана Мағзимова.

Жаңа оқу жылы Атыраудың оқу орындарында тегін STEM-бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы «Заңғар» жобасы 10–22 жастағы жастар арасында



техникалық мамандықтарды кеңінен танымалдандыруды және жас ұрпақты кәсіпке бағдарлауды жалғастырады. Осыған орай, 7 тамыз күні «Bolashak Engineering» компаниясы 5 жергілікті робототехника тренерін дайындауды бастады. Апталық тренерлер тренингінің мақсаты – қатысушыларға жастармен жұмыс жасағанда алгоритмдік ойлауды қолдану және сенсерлерді, Arduino платформасын және сол сияқты жабдықтарды пайдалануды үйрету.

«Тренерлерді дайындау біздің жоба аясында ұсынылатын STEM-бағдарламаларын тиімді жүзеге асыруының бастапқы факторының

бірі болып табылады. Тренерлерге кәсіптік қолдау көрсету және жалпы жергілікті кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында осындай тренингтер жыл бойы жүйелі түрде жүргізілетін болады», – деді Қазақстан Республикасындағы Халықаралық жастар қоры өкілдігінің бағдарлама менеджері Нұржан Амангосов.

«Заңғар» жобасы Атырау жастарының өмірлік дағдыларын дамытуды және ғылым, технология, инженерлік жобалау және математика, яғни STEM салаларында білім беруді көздейді.

Баспасөз орталығы

Атырау – Астрахань: тиімді ынтымақтастық

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің делегациясы бірінші проректор – Стратегиялық даму және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор А.С. Шилібекова және ғылым департаментінің директоры А.А. Мусаева 2017 жылдың 24-25 тамызында Астрахань мемлекеттік техникалық университетіне іссапармен барды.

Астрахань университет ректорымен кездесуде Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері ассоциациясының XX мерейтойлық Ассамблеясының мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ іс-сапар кезінде «Экология» мамандығының магистратурасы бойынша екі дипломдық білім беру туралы келісім жасалды. Халықаралық білім беру бағдарламалары арқылы оқыту магистранттарды білім беру қызметтеріне, серіктес институттың жетекші оқытушыларынан білімдерін жетілдіруге және қосымша диплом алуға мүмкіндік береді.



CAPSTONE PROJECT

Жаңа жоба



Орталық Азиядағы Penal Reform International (PRI) өкілдігі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетімен ынтымақтастық туралы меморандум аясында жоғары білім беру орындарында адам құқығы бойынша оқу корпустарын дамытуға арналған жобаны, жекелей алғанда студенттерге зерттеушілік дағдыларды дамыту мен білім беру үдерісін нығайту үшін жаңа білім беру құралы ретінде зерттеу жобасының ресми түрде ашылу салтанаты өткізілді.

Жиынға университеттің ғылым жөніндегі проректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы қатысып, жоба бойынша өз пікірін білдірді. Жобаның мәні мен мақсатын жоба координаторы Айдана Исаева түсіндіріп, талқылады. Жоба менеджері Айдана Асықпаева презентациялық көрсетілім жасап, таныстырды. Шара соңында жобаға байланысты сұрақтар қойылып, пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Жобаға болашақ заңгерлер мен журналистер қатысады.



Университеттегі білім күні!

Университетіміздің жеткен жетістігі түлектерінің бағындырған биігімен өлшенеді. Биылғы жаңа оқу жылын университет ерекше жетістіктермен бастады.

Сондықтан болашақ білікті маман, әрі өз ісінің шеберлері ретінде, бүгінде 2300-ден астам студент университет қабырғасын алғаш аттады. Соның ішінде күндізгі бөлімде: 1400 студент, білім грантына ие болғандар саны: 445, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша 256, оның ішінде 73 магистр білім грантына ие болды.

Жиынның алғашқы құттықтау сөзі Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, химия ғылымдарының

докторы, профессор Талтенов Абзал Ахатұлына берілді. Әрі қарай киелі Білім кілтін университетіміздің белсенді студенттері, оқу орнының табалдырығын алғаш аттағалы отырған студенттерге тапсырды, сонымен қатар концерттік номерлермен жалғасты.

Салтанатты жиын аяқталысымен 1-курс студенттері «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының оқытушылары өткізген «Рухани жаңғыру» тақырыбындағы лекция сабақтарына қатынасты.



Тіл-татулық тірегі

22 қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі

1998 жылы 20 қаңтарда Президент Жарлығымен 22 қыркүйек Қазақстанда тұратын халықтардың Тілдері күні деп жарияланған болатын.

Әр халықтың тілі қайнар судың тұнбасындай мөлдір, сазды дыбыстарға бай, ұлттың тілі, әні, үні болып шалқар дариядай шалқуда. М.Жұмабаев атамыз «Тіл-адам жанының тілмашы, тілі кем болса, адамның кем болғаны» деген екен. Тіл-тарих тереңіне бойлатып, өнер бұлағына сусындатын рухани әлеміміздің сарқылмас бұлағы. Мемлекетіміздің тарихи тағдыры, мақсаты тіл арқылы баянды болмақ.

Осыған орай, университетімізде 22 қыркүйек күні «Тіл-татулық тірегі» атты Қазақстан халқының тілдері мерекесіне арналған мерекелік байқауы өтті. Аталмыш шараны көп тілді білім беру факультеті де бұл үрдістен шет қалмай үш тілде жүргізуімен ерекшеленді. Байқау төрт кезеңнен тұрды. Олар: таныстыру, викториналық сұрақтар, өнер және интеллектуалдық ойындар. Әлемдегі әр халықтың, яғни Қазақстан, Ресей, Ұлыбритания, Германия, Франция, Қытай, Корея және де Армениядан бір қатысушы шығып, бақ сынады.

Сайыстың нәтижесі бойынша 3-орынды ЛИФАНОВА Анна, 2-орынды МУРТАЗАЕВА Әсел, ал 1-орынды ЧЕРНЯЕВА Татьяна иемденді. Сондай-ақ кезеңдер бойынша номинация табысталды.



А СМОЖЕТЕ ЛИ ВЫ СПАСТИ ЖИЗНЬ?

Часто мы слышим истории, когда люди не могли оказать первую помощь пострадавшим только лишь из-за незнания элементарных правил неотложной медицинской помощи. Ушиб руки, обморок, остановка дыхания... Знаете ли Вы какие действия предпринимать, если подобное случится с вашим близким человеком?

В целях реализации плана мероприятий государственной программы «Здоровье», утвержденной Постановлением Правительства РК, 13 сентября 2017 года врачи скорой неотложной помощи города Атырау провели тренинг студентам Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова.

Перед началом тренинга с приветственной речью выступили сотрудники скорой помощи и проректор по науке АТГУ им.Х.Досмухамедова Идрисов Саламат Нурмуханович. Сам тренинг состоял из разъяснения общих правил действий, способных помочь в случаях, представляющих угрозу жизни человека, и демонстрации мер, осуществляемых для того, чтобы спасти жизнь

пострадавшему. Сотрудники скорой помощи наглядно показали студентам как надо оказывать первую помощь при приступах, получении различных травм. Главная цель первой медицинской помощи – спасение человеческой жизни. Было важно научить студентов оказывать первую помощь пострадавшему в считанные минуты после получения травм, приступов, применить полученные знания до приезда врачей скорой помощи.

После тренинга будущими медиками был исполнен флешмоб «Наше здоровье – в наших руках», проходящего в рамках «Фестиваля Здоровья».

Маржан ЖАНИБЕКОВА,
журналист медиа центра



Рахат Жақсыбаймен жүздесу

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, журналистика мамандығының студенттері майталман журналист, білікті тележүргізуші, "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Рахат Жақсыбаймен кездесу өткізді.

Кездесудің жалпы мақсаты – Англияда білім алған журналистің алған әсерін студенттермен бөлісіп, әрі қазақстандық БАҚ пен Батыс масс-медиясын салыстыру еді. Мақсатына қарай тақырыпта "Батыс масс-медиясы: қайда және қалай?" (BBC мысалында) болып өрілді. Білікті журналист өз сөзінде смартфонсыз – ақ өмірді мәнді өткізуге болатындығын, кітаптың тірлікке керекті нағыз азық екендігін, шетелдегі білім оңай келмейтіндігін, еліміздегі БАҚ-ты қалай көркейту керектігінен хабардар етіп, ең бастысы уақыт құндылығын жоғарғы санатқа қою керектігін басты назарға қойды. 1-сағаттан артық уақытқа созылған бұл шеберлік сағаттан жас журналистер бойына болашаққа нық қадам баса алатындай біршама энергияны, кедергіге оңай төтеп бере алатындай жоғарғы мотивацияны игеріп шықты десек артық етпес. Шетелдің аурасын аудиторияға кәсіби түрде жеткізген Рахат Жақсыбай кездесу соңында студенттерге сертификат табыстады.

Назым ЖОЛДАСОВА,
журналистика мамандығының
2-курс студенті



Театр – тәрбие бесігі

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, әнші-актер Бекжан Тұрыс, М. Әуезов атындағы драма театрының әдебиет және баспасөз қызметі жетекшісі, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын-драматург Бақыт Беделханұлы университетімізге арнайы келіп студенттермен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қонақтарымыз М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, Қазақстанның Еңбек ері, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімовтың 80 жылдық мерейтойына байланысты гастролдік сапармен қаламызға өздерінің керемет қойылымдарымен келгенін айта келіп, жастарға

өмірден алған тәжірибелерімен, тәлім тәрбиесі мол әңгімелерімен бөлісіп, студенттер тарапынан қойылған сауалдарға тұшымды жауап қайтарып отырды. Қонақ кәде ретінде өздерінің өлеңдері мен әндерін шырқап көрерменді бір серпілтті.

Бекжан Тұрыс: «Атырауға бірнеше

мәрте іс сапармен келген болатынмын, бұл жақтың өнерге деген сүйіспеншілігі ерекше. Осыған дейін тек облыс орталығына спектакль қойған болсақ, осы жолы барлық құрам ауыл, аудандарды аралаудамыз. Бұның бәрі кешегі Елбасымыздың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» атты бағдарламасының аясында болып жатыр. Ұлттық рух болмай, рухани бай болмай үлкен істер жүзеге аспайды. Сондықтан, бай болуымыз керек. Жаңғыру деген санадағы сілкініс, осы мақсатта келгеннен кейін жоспарымыз Аллаға шүкір іске асып жатыр».

Бақыт Беделханұлы өз сөзінде «Республикадағы 60-қа жуық театрдың қара шаңырағы М.Әуезов

театры Рухани жаңғыру мен А.Әшімовтың 80 жылдығы аясында толық құраммен тек Атырау қаласына емес, сонымен қатар шалғай жердегі ауылдарға өз еңбектері мен өнерлерін көрсетуде. Елдің игілігі үшін, есте қалатын естеліктер, есті сөздер, еңселі дүниелер қою біздің мақсат мұратымыз осы бағытта», - деді.

Шара соңында университетіміздің ғылыми істер жөніндегі проректоры Саламат Идрисов қонақтарымызға ризашылығын білдіріп, университет атынан сыйлықтар табыстады.

Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ,
медиа-қызмет
орталығының тілшісі



Атырауда Дельфий ойындары өтті

Облысымызда осы уақытқа дейін жастарды қолдап, олардың талантын шыңдау мақсатында көптеген жобалар, сайыстар өтіп жүр. Солардың бірі – Дельфий ойындары.



Биыл қаламызда Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен, «Жастар таңдауы – Атырау» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Дельфий ойындарының XIII-ші кезеңі өткізілді.

Екі күнге жалғасқан бұл ойында кіші топтан бастап үлкен топқа дейінгі әртүрлі жас аралығындағы қатысушылар бақ сынады. Дельфий ойындарына қатысуға 200-ге жуық қатысушы өтініш білдірген. С

Қатысушылар 20 бағыт бойынша сынға түсті. Атап айтсақ, тележурналистика, қысқаметражды фильм, халық биі, халық әні, эстрадалық ән, заманауи би, театр, домбыра, баян, скрипка, қыл-қобыз, прима-қобыз, фортепиано, бейнелеу өнері, декоративті қолөнер және академиялық ән.

Атырау облысының түкпір-түкпірінен келген талантты жастардың басын қосқан Дельфий ойындарының қорытынды гала концерті Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында өтті. Концерті Жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының қызметін атқарушы Лаура Мұхамбетқалиқызы өзінің құттықтау сөзімен ашты.

– Дельфий ойындары өте қызықты әрі тартысты өтті. Қатысушылардың кәсіби шеберліктерін ескермей кеткеніміз жөн болмас. Сол себепті осы Дельфий ойында-

рына қатысқан әр қатысушыға тек сәттілік деймін. Жалпы бұл Дельфий ойындарының мақсаты – жас өнерпаздардың талантын шыңдап, оларға өнерлерін көрсетуге мүмкіндік беру. Үздіктер жиналған бұл сайыстың жеңімпаздарын құттықтаймын. Болашақта әлі талай белестерді бағындырады деп сенемін, – деді ол.

Гала концерт қатысушыларды марапаттаумен жалғасты. Университетіміздің студенттері «Тележурналистика» бағыты бойынша Талапов Әмір, Жолдыбаева Әсем, «Эстрадалық ән» үлкен топ бойынша Қашқылдықов Қуаныш 1-орын иегерлері атанды.

Алдағы уақытта жүлдеге ие болған қатысушыларымыз республикалық Дельфий ойындарында бақ сынайтын болады.

Қашқылдықов Қуаныш, 1-орын иегері: – Өнерлі жастардың жолын ашатын жобаны ұйымдастырушыларға рахмет айтамын. Сондай-ақ мені 1-орынға лайықты деп тауып, маған республикалық жарыста өнер көрсетуге мүмкіндік бергендері үшін алғысымды білдіремін. Барлық қатысушыларды және жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймын.

Әсем ЖОЛДЫБАЕВА,
журналистика мамандығының
3 курс студенті



В университете прошла благотворительная ярмарка



На днях в университете состоялась благотворительная ярмарка, организованная фондом «Жаксылыкка жаным жакын». Цель мероприятия – протянуть руку помощи маленькой девочке Несипкали Сагыныш, нуждающейся в дорогостоящем лечении. Студенты и преподаватели, проявив сострадание и единство, покупали выставленные товары, чтобы помочь ребенку. На прошедшей ярмарке были представлены выпечка, десерты, украшения и различные ювелирные изделия. По итогам продаж фонду удалось выручить 90 тысяч тенге и передать родителям ребенка, с искренними пожеланиями скорейшего выздоровления.

Организатор фонда – Малика Азербайева, студентка Атырауского государственного университета им.

Х.Досмухамедова, вместе с другими милосердными ребятами из университета не в первый раз проводят подобные мероприятия в помощь нуждающимся. 10 октября в актовом зале университета состоится презентация благотворительного фонда «Жаксылыкка жаным жакын», где волонтеры планируют рассказать о том как создавалась их организация и принять новых активных участников для их волонтерской деятельности.

Все вопросы можно задать по телефону +7 778 172 04 04, а так же наблюдать за ними на странице в социальной сети Instagram @ Jaksylykka_janym_jakyn.

Маржан ЖАНИБЕКОВА,
журналист медиа центра

Жұлдыздар жанған тележоба



Мамыр айында Атырау қаласы әкімдігімен бірлесі отырып бастау алған «Қазақстан-Атырау» телеарнасында жүргізілген «Жұлдыз» мега жобасы өз мәресіне жетті.

Облысымыздағы өнерлі де, дарынды студенттерімізді анықтау мақсатында ұйымдастырылған бұл жобаның финалына 20 қатысушыдан 8-і жолдама алып, байқау шарты бойынша 2 айналымда өз өнерлерін көрсетті.

Байқау қазылар алқасының есептеген баллы мен қатар көрермендердің дауысы беруі арқылы бойынша қорытындыланды.

Нәтижесінде жүзден жүйрік шыққан облысымыздың талантты жастары Алтынай Жеткергенқызына 1-орын бұйырып, 100000 теңгелік жүлде қорымен марапатталды. 2-орынды Байбақты Ідрібай иеленсе,

жүлделі 3 орынды Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Экономика және құқық» факультетінің 3 курс студенті Мерей Арыстан иеленді.

Бұл жобаны қолдап, студенттерімізге демеу болған университетіміздің ректоры Абзал Талтенов мырза «Жұлдыз» мега жобасының финалында өнер көрсеткен студенттеріміз Қуаныш Жәрдемөв пен Мерей Арыстанға грант тағайындады.

Арайлым НАРЕШЕВА,
медиа-қызмет
орталығының маманы

Заманауи демалыс лагері



Шілденің шіліңгір аптабына қарамастан, көктегі күн сәулесімен таласа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқытушы-қызметкерлерінің балалары арасынан 24 оқушы Орал қаласындағы «Еуразия» туристік-сауықтыру лагерінде он екі күн демалып қайтты.

Бұл жерде жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру жақсы жолға қойылған. Соның ішінде, 7 демалыс ғимараты, асхана, тынығу орны және қазіргі заманауи жабдықталған ойын алаңдары бар. Алғашқы күні балалар жас ерекшеліктеріне сәйкес 7 топқа бөлініп, әр топқа 2 топ жетекшілері бекітілді. Әр топтың әр күнге арналған жоспарлары жасақталынды. Жоспар бойынша сан түрлі көңілді сайыстар, спорттық шаралар өтті. Сондай-ақ лагерьде туризм ісі жан-жақты қарастырылған. Мысалы, Шалқар жеріне саяхат құру, облыстық өлкетану музейіне бару, балалар паркін аралау және т.б. Кейін, тартысты жарыстарда көзге түскен балаларымыз - Асылбек Аманқос, Димаш Итемгенов, Еділ Өмірбекұлы, Бекзат Темір, Әлихан Отарбаевтар Алғыс хаттармен марапатталды.

Осы шараларды жүзеге асыруға басы-қасында жүрген және қаржылай көмек ұйымдастырған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымының Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті комитеті» Филиалы Атқару комитетінің төрағасы Қылышбай Сүндетұлына ата-аналар атынан шексіз алғыс білдіреміз.

Майра ОРЫНБЕКОВА,
топ жетекшісі

Студенттер назарына!

2017 - 2018 оқу жылында

I аралық бақылау 16-22 қазан,
II аралық бақылау 11-17 желтоқсан аралығында өтеді.
Қысқы емтихан сессиясы 18 желтоқсан - 7 қаңтар аралығында болады.
Қажетті ақпаратты «Platonus» АА жүйесінен білесіздер.
«Platonus» ақпараттық жүйесіне қосылу үшін [93.185.65.183](tel:9318565183) сілтемесін пайдаланыңыз!

2017-2018 оқу жылының

II семестрінде қазақстандық жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлықпен бару үшін толық ақпаратты тіркеу офисінен (офис-регистратор № 219) ала аласыздар.

Шетелдік университеттерге баруға ниет білдірген студенттер қажетті ақпаратты халықаралық байланыстар департаментінен (бас оқу ғимараты №263 кабинет) біле алады.

Біздің әлеуметтік желігері парақшаларымыз:




@atyrauuniversity_official



/atyraustateuniversity



/atyrauuniversity



Тонхэ алтыны!

Жақында Оңтүстік Корея мемлекетінің Тонхэ қаласында Самбодан жастар арасында Самбо федерациясы президентінің кубогі өтті.

Осы жарыста университетіміздің 3 курс студенті Айдынбай Қайыргелді 57 кг салмақта чемпион атанды.



Ашхабадтың күмісі!



Түркіменстан астанасы Ашхабадта 16-26 қыркүйек аралығында өткен V Азия ойында-рында Қазақстан құрама командасы қатысып, жалпы есепте 4-ші орынды иеленді.

Осы жарыста университетіміздің «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, халықаралық дәрежедегі төреші Рафаэль Хаби-ров күрестің 4 түрінен төрешілік жасады (Turkmen Goresh, Belt

Wrestling UVW, Belt Wrestling Alysh, Kazakh Kures) және дене тәрбиесі және спорт мамандығының 1 курс студенті Абил Галиев 63,5 кг салмақ дәрежесінде Муай Тай - дан күміс медальді жеңіп, ел қоржынына салды.

Желаяқтар жарысы

Қазақстан халқы Ассамблеясы жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен жеңіл атлетикалық кросста университет студенттері жүлделі орындарға ие болып, ұйымдастырушылар аты-нан алғыс хат пен ақшалай марапатқа ие болды.

Жүлделі 1-ші орынды иемден-ген Қыран Асет -100.000 теңгелік ұтысқа ие болса, жүлделі 2-орынды Сәйдіқапар Жолболды -50.000тң, 3-орынды Шалқар Айдын -

30.000тң, ал 4-ші орында Дәуір Жоламан -15.000тң. ұтысқа ие бо-лып жеңіс төрінен көрінді. Бапкері: п.ғ.к., қауымдастырылған профес-сор Нұролла Мамбетов.



Халықаралық турнир

Қазақстанда тұңғыш рет Атырау қаласында парадзюдодан «Гран-при Қазақстан-2017» халықаралық турнирі өтті.



Сайыс 7-8 қыркүйек аралығында «Мұнайшылар» мерекесіне арналды. Жарысты Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы, ҚР Паралимпиадалық дзюдо федерациясы мен Атырау облысының паралимпиадалық дзюдо федерациясы ұйымдастырды. Бұл жарыста АҚШ, Корея, Грузия, Азербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Қазақстан құрама командалары бақ сынады.

Турнирдің пресс-конференциясы Халел Досмұхамедов атындағы Аты-

рау мемлекеттік университетінің ассоциациясының Азия және Мұхит аралық спорт директоры мистер Джон Врайн Сикос (Корея), Халықаралық зағиптар спорттық ассоциациясының Азия және Мұхит аралық спорт төрешілер директоры мистер Кеничи Шошидо (Япония), ҚР ұлттық паралимпиада комитетінің менеджері Диар Сейтов (Астана қаласы), Атырау мемлекеттік университетінің Бірінші проректоры - Стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі про-



рау мемлекеттік университетінің акт залында, Атырау облысының денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Азамат Бекет Бауыржанұлы, ҚР Паралимпиада Дзюдо Федерациясының президенті Досалиев Қанатқали Төлегенұлы (Астана қаласы), Атырау облысы Паралимпиада дзюдо федерациясының президенті Умирзаков Асылбек Маратұлы, Халықаралық зағиптар спорттық

ректор Айгерім Шилібекованың қатысуымен өтті.


Конференцияда республикалық «Спорт жұлдыздары» ғылыми-әдістемелік журналының бас редакторы, Мусағали Тасқалиев редакция атынан қонақтарды «Достық» медальдармен марапаттады, турнирді ұйымдаструшылар атынан шет елден келген қонақтарға, қолдаушыларға естелік сыйлықтар табыстады.

Осы турнирде Көрермен қауым әсіресе 60 келіде сынға түскен университет студентті Әнуар Сариевтің өнеріне көрермен қауым ерекше риза болды. Жерлесіміз қарсыластарын шыдатпай турнирдің алғашқы чемпионы атанды. Әнуарды жарысқа дайындаған бапкері-

Жандос Қиянов.

Жеңістерің құтты болсын, жігерлерің мұқалмасын қайсар жандар!

Арайлым НАРЕШОВА,
медиа-қызмет
орталығының маманы





КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТТЕРІ АССОЦИАЦИЯСЫ XX МЕРЕЙЛІ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттерінің ассоциациясы XX Мерейлі Бас Ассамблеясының дайындау мен өткізудің осы концепциясы шараның мақсатын, міндеттерін, бағдарламасын және регламентін анықтайды.

Ұйымдастырушы

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
Мекен-жайы:
060011 Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы,
Студенттер даңғылы, 212.
www.asu.edu.kz

Мәртебесі және қатысушылары

Халықаралық деңгейдегі шара.
Шараға қатысуға Каспий маңы аймағының көшбасшы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарынан тұратын Ассоциацияның барлық 55 мүшесінің басшылары шақырылады. Делегация Ассоциацияның әрбір мүшесінен: бірінші басшы және ғылыми және/немесе халықаралық ынтымақтастық департаменті директорынан тұрады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі және Атырау облысы әкімінің қатысуы және салтанатты ашуы күтіледі. Қатысушылардың болжамдалған саны – 100-ден астам.

Ресми құжаттар

- Ассамблея концепциясы
- Ассамблея бағдарламасы
- Ассамблея хаттамасы және ұсыныстары

Қосымша материалдар

- Ассоциация мүшелерінің алдыңғы қатарлы жобаларының каталогы
- Ассоциацияның тарихи альбомы

Өткізу тілдері Ағылшын, парсы, орыс

Өтетін күні 11–13 қазан 2017 ж.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Г. Қайырғалиева – редактор, 27–63–29
В. Шигаев – дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров – фотограф
А. Нарешова – хатшы

Журналистер:

С. Аронов, М. Такежанова, А. Сәлімгерейқызы.

Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

«Жоғары білім беру саласындағы жобалық менеджмент» РЕКТОРЛАР САММИТІ

Қазіргі әлемде жобалық менеджмент мемлекеттік және корпоративтік секторларды кірістіре отырып, экономиканың әр түрлі секторларындағы жаңа басқарушылық кешен ретінде ғана емес, сонымен бірге, жаңа өнімдер мен қызмет көрсетілімдерін құру үдерістерін тиімді басқару, стратегиялық міндеттерді іске асыру және ұйымдардағы сапалық өзгерістерді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде де қалыптасты. ЖОО-да жобалық менеджментті қолдану жоғары буын басшылары тәжірибесінде белсенді пайдаланылатын жоғары білім саласындағы салыстырмалы алғанда жаңа көзқарас болып табылады.

Осы мәнмәтінде, Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері Ассоциациясының XX Мерейлі Бас Ассамблеясы шеңберінде өтетін «Жоғары білімдегі жобалық менеджмент» тақырындағы ректорлар Саммиті жоо-н басқарудағы жобалық менеджмент мәселелері бойынша ақпараттармен және тәжірибемен алмасуды ұйымдастыру үшін нәтижелі

пікірталастық алаң болуға, Ассоциация мүшелері-университеттердің ең күшті тәжірибелерін көрнекілеп таныстыруға және бұдан әрі бірлеске жобалардың іске асуына ықпал етуге арналған.

Саммиттің жұмысы уақытында университеттердің бірінші басшылары PowerPoint пішімінде бір жобаны көрнекілеп таныстыру арқылы өз ұйымдарында жобалық менеджментті қолданудың ең күшті тәжірибесі туралы өз тәжірибесімен бөлісетін болады.

Бұл ғылым мен инновациялар, білім мен халықаралық ынтымақтастық, инфрақұрылым және адами ресурстарды дамыту салаларындағы жобалар болуы мүмкін.

Баяндамалардың мақсаты университеттің стратегиялық дамуындағы жобалық менеджменттің рөлі мен орнын көрсету және нақты жоба мысалында ЖОО басқару үдерісінде қағидаларды қолданудың жеке тәжірибесімен бөлісу, Ассоциация шеңберінде одан әрі іске асыру үшін жалпы мүдделер және әлеуетті бірлескен жобаларды анықтау.

Ассоциация университеттері халықаралық және ғылыми ынтымақтастығының МЕНЕДЖЕРЛЕРІ ҮШІН ВОРКШОП

Жаһандандудың қазіргі замандағы мәнмәтінде халықаралық келісімдер университеттер қызметінің жаңы тұлғасына айналды. Халықаралық байланыстарды орнату мен нығайту қажеттігі өспелі өзара тәуелділікке ғана емес, сонымен бірге ЖОО бәсекегеабилеттілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен себептелінеді.

Соның арасында, университеттердегі халықаралық ынтымақтастықты іске асыратын кәсіби мамандар өз жұмысында бірқатар қиыншылықтарға ұшырасады, олардың арасында тілдік кедергілер, өзге мәдениетті немесе дінді, құндылықтар мен мінез-құлық нормалары арасындағы айырмашылықтарды, халықаралық іскерлік қатынастардың хаттамасы мен әдебін білмеуді атап көрсетуге болады.

Соған байланысты, Ассоциация университеттерінің халықаралық және ғылыми ынтымақтастық менеджерлері үшін Воркшоп халықаралық академиялық алмасу және ғылыми жобаларды іске

асырудағы байланыс мәселелерін талқылау, олардың шешімін іздестіру, тиімді мәдениетаралық байланыс үшін жаңа білім алу және дағдыны дамыту, сондай-ақ CAPSCORE ғылыми порталының бірлескен жобасын іске қосу болып табылады.

Воркшоп екі модульден тұрады:

1. Мәдениетаралық байланыс және елдік ерекшеліктер. Воркшоптың бірінші модульде өз еліндегі іскерлік қарым-қатынас мәдениеті ерекшеліктерімен танысу және халықаралық ынтымақтастықты іске асыру мақсатында университеттер өкілдерінің (Ассоциация мүшесі – әр елден біреу) көрнекі таныстырылымы ұсынылады.

2. CAPSCORE ғылыми порталы: идея және іске асыру. Екінші модульде CAPSCORE (Caspian Portal of Scientific Collaboration and Research) – Ғылыми ынтымақтастық пен зерттеулердің Каспий Порталы ғылыми порталының жобасы (демонұсқасы) таныстыруға ұсынылады. Воркшоп қатысушылары талқылап, оны жақсарту бойынша құрылғылаушылық ұсыныстар енгізе алады.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #223 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі, 5 үй Тираж 5000 дана